



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«XVII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ-XVIII ҒАСЫРДЫҢ
ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖОҒҒАР ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ»

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2024 жылы 11 қазанда Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп «XVII ғасырдың екінші жартысы-XVIII ғасырдың ортасындағы Қазақ және Жоңғар хандықтарының қарым-қатынастары» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

Конференцияның мақсаты – XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың ортасына дейінгі кезеңдегі қазақ және жоңғар халықтарының қарым-қатынастарының тарихын, Қазақ және Жоңғар хандықтары арасындағы дипломатиялық және саяси байланыстарды талдау.

Конференция жұмысы келесі бағыттарды қамтиды:

- ✓ XVII ғасырдың 50-ші жылдары және XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынастарына қатысты құжаттар мен зерттеулерді талдау;
- ✓ Қазақ және Жоңғар хандықтары арасындағы дипломатиялық және саяси өзара байланыстарды талдау;
- ✓ қазақ-жоңғар қарсы тұруындағы батырлық институтын көрсету;
- ✓ қазақ хандары, сұлтандары және жоңғар билеушілері арасындағы әулеттік некені зерттеу;
- ✓ жоңғарлардың (қалмақтардың) қазақ қоғамына ену құбылысын зерттеу;
- ✓ қазақтар мен жоңғарлар арасындағы экономикалық қатынастарды зерттеу;
- ✓ Қазақстан аумағындағы жоңғар (моңғол) топонимиясын зерттеу.

Конференцияға қатысушылар: ғалымдар, білім беру саласының мамандары, сарапшылар, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, жоо оқытушылары, докторанттары, магистранттары.

Конференцияның ресми тілдері – қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияның қорытындысы бойынша **материалдар жинағы** шығарылады. Баяндаманы жариялау үшін төлем ақы алынбайды.

Конференцияға қатысу және материалдарды жариялау үшін **2024 жылдың 27 қыркүйегіне** дейін ұйымдастыру комитетінің g.abenova@shakarim.kz немесе a.daytova@shakarim.kz электронды пошталарына жіберу сұралады:

- қатысуға өтініш (*№ 1 қосымша*);
- 10 бет және 5 автордан артық емес жарияланым материалдары (рәсімдеуге қойылатын талаптар *№ 2 қосымшада көрсетілген*).

Конференцияға қатысу **офлайн және онлайн форматтарда** (конференция идентификаторы және қолжетімдік коды қатысушыларға қосымша жіберіледі).

Конференция «Қазақ-жоңғар қатынастары тарихының жаңа беттері: XVII ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырдың 50-жж.» AP23488522 **ғылыми жобасын жүзеге асыру аясында өткізіледі.**

Конференция үйлестірушілері:

- Абенова Гүлнұр Атымтайқызы, +7 702 725 69 72
- Даутова Алма Фазылағзамқызы, +7 775 675 25 65

Адресі: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Глинка көшесі, 20А

Құрметті авторлар!

Талаптарға сәйкес емес жұмыстар жариялауға жіберілмейді. Тезистер автордың редакциясында басылады және қосымша түзетулер жүргізілмейді. Пішімдеуде өрескел қателіктер болған жағдайда Ұйымдастыру комитеті баспа басылымының сапасына жауап бермейді және жұмыстан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Көрсетілген қызығушылық үшін рахмет!

Құрметпен, Ұйымдастыру комитеті

Өтінім формасы

Тегі, аты, әкесінің аты (ТОЛЫҚ)	
Бірлескен авторлардың ТӘА (бар болса)	
Лауазымы	
Ғылыми атағы, дәрежесі	
Жұмыс орны (оқу орны)	
Конференция бағыты	
Тезистің атауы	
Байланыс телефоны	
Конференцияға қатысу – келіп/сырттай	
Конференцияда сөйлеу жоспарланған ба – иә/жоқ	

Ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

- формат – А4;
- мәтіндік редактор – Word 6.0 (7.0);
- шрифт – Times New Roman, Kz Times New Roman;
- таңба өлшемі – 12 пт.;
- жоларалық интервал – 1;
- беттің шектік өлшемі - жоғарғы, төменгі, сол, оң – 20 мм;
- мәтінді жолдың еніне туралау;
- сөздерді автоматты түрде тасымалдауды міндетті түрде орнату;
- абзацтық шегініс – 1,25 см;
- табуляция немесе бос орындарды бірінші жолдың басталуын қалыптастыру үшін пайдалануға жол берілмейді;
- мәтінді түзету үшін бос орынды пайдалануға жол берілмейді (негізгі мәтіннің барлық сөздері бір-бірінен бір бос орын арқылы бөлінуі керек);
- суреттер мен графиктер ақ-қара гаммада және анық кескінді болуы тиіс (қара штриховка пайдалануға болады);
- кестелердің жеке ұяшықтарын сұр (қара) түспен бөлуге болады, егер рең мәндік жүктемесі болса.

Тезисті рәсімдеу үлгісі

- Беттің сол жағынан FTAXP коды жазылады (Ғылыми техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы. Мақалаға FTAXP кодын мына сайттан ала аласыз: WWW.GRNTI.RU).
- Автордың аты-жөні және тегі беттің ортасынан қою шрифтпен беріледі (әр автор үшін алдымен аты-жөні, содан кейін тегі).
- Келесі жолдың ортасынан ұйымның атауы көрсетіледі.
- Келесі жолдың ортасынан ел, қала, электрондық пошта мекенжайы беріледі.
- Баяндаманың атауы **БАС ӘРІПТЕРМЕН қалың шрифтпен** беттің ортасынан жазылады.

- Тезистердің мәтіні беттің ені бойынша тураланады.
- Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.1-2003 стандарты бойынша рәсімделеді. Мәтінде әдебиетке сілтемелер тік жақшада үтір арқылы жазылады: [1], [2, 3].

Тезисті рәсімдеу үлгісі

ҒТАХР:

Г.А. Абенова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан, Семей қ., g.abenova@shakarim.kz

ЖОҢҒАРЛАР ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА

Мәтін, Мәтін, Мәтін.....